

**ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ
ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**



ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ірі қара малдың сауықтыру бағдарламасы бірінші кезекте малды емдеуге емес, аурудың пайда болуын ескертетін алдын-алу бойынша іс-шараларға бағытталатындай жасалуы керек. Бұл ауру малды қарау және емдеудің маңызын түсірмегені жөн, алайда, бағдарламаны жүзеге асыру үшін ауруды емдеу емес, оны алдын-алу маңыздырақ болып табылады.

Табынды сауықтырудың барлық бағдарламаларын міндетті түрде ветеринар маманның қатысуымен жүзеге асырады. Ветеринар маманның малдарды емдеуде тәжірибесі мол болады және ол әрқашан өзі қызмет атқаратын ауданында болып жатқан жағдайлардан хабардар болып, дәл өсы сәтте қандай мәселелерді шешу керектігін біледі. Сонымен қатар, бағдарламаны құрастыруға атсалысатын табын иесі, ветеринар маман және т.б. мал өсірушілер сияқты барлық мамандар қатыспаса - бағдарлама сәтсіздіке ұшырайтынын білген маңызды.

Табын денсаулығының бағдарламасын құрастырудың негізгі принциптері:

1. Малдарды ауру тудыратын агенттермен қатынасқа түсуін болдырмау қажет және ауру тудыратын жағдайларды жою керек. **Ол үшін келесілерді орындау қажет:**

а) жақсы санитариялық қалыпты және тазалықты сақтау;

б) жаңадан келген малдарды 10-нан- 12 күн аралығында оқшаулау;

в) күтіп-бағудың жағымды шарттарын қалыптастыру;

г) мүмкіндігінше ауруларды түбімен жою.

2. Келесі көрсетілген жағдайлар арқылы мал популяциясындағы төзімділіктің жоғары деңгейін ұстап тұру керек:

а) малдарды тиісті азықтандыру— су, азық, минералды және дәруменді қосымша азықтандыру арқылы;

б) вакцинациялау және иммундау;

в) дені сау малдарды іріктеу.

3. Ауру пайда болған кезде оның таралуының алдын алу үшін келесі әдістерді қолданады:

а) ауруға шалдыққан малдарды оқшаулау;

б) ерте кездегі балау — ветеринар дәрігермен жүзеге асырылатын қарау және аутопсия ;

в) табынды мұқият қарау;

г) қойылған балау арқылы ем қолдану.

Жоғарыда көрсетілген шаралармен бір уақытта тиісті есепке алу жүйесін ұйымдастырады.

Сиыр-бұзау бағдарламасы

1. Асылтұқымды табында (сиырлар, бұқалар, табын толықтырушы тұмсалар):

а) Шағылыстыру маусымына дейін бұқалардың ұрықтандырушы қабілетін тексеруді ұйымдастырады;

б) шағылыстыру маусымының басталуына дейін, сиырлар мен тұмсалар буаз болуының алдында малдарға лептоспироз (5 штамм — помона, гардью, каникола, иктерогеморрагия және гриппотифоз), инфекциялық ринотрахеит, вирусты диарея, параинфлюэнцтер-3, вибрионды іш тастауға қарсы екпе жасалады.

в) жылына екі рет, ал қажет болған жағдайда одан да жиі гельминттермен күресу шараларын жүргізеді

г) сыртқы паразиттерді шығарады, ұсыныстарға сәйкес бөгелектер мен биттердің пайда болуының алдын алу шараларын жүргізеді;

д) шағылыстыру маусымы аяқталғаннан кейін барлық ұрғашы малдардың буаздығын тексереді, ал ұрықтандырылмай қалған буаз емес малдарды браққа шығарады;

е) табынға жаңадан келіп түскен барлық малдарды оқшаулап карантинге қояды және бруцеллез, туберкулез және анаплазмозға тексеру үшін олардан сынама алады.

2. Төлдеу кезеңінде:

а) сиырларға мұқият бақылау жүргізеді;

б) жайылым- малдың төлдеуіне арналған ең үздік орын екенін ұмытпау қажет;

г) жақында төлдейтін сиырларды оларға көмек көрсету мүмкіндігі болатын жер телімдерінде күтіп-бағады;

д) Ветеринар маманнан төлдеу кезінде көмек беру нұсқаулығы мен көмек беру кезінде қандай қажетті құрал жабдықтар керек екенін біліп алуы қажет, сонымен қатар қандай жағдайларда ветеринариялық көмекке жүгіну керектігін де білген маңызды.

е) алғаш бұзаулаған сиырлардың төлдеуі кезіндегі қиындықтар ересек сиырларға қарағанда жиі болатынын есте сақтаған жөн, тиісінше оларға мұқият қарап, жүйелі түрде көмек көрсету қажет

3. Бұзауларды күтіп-бағу мыналарды қамтиды:

а) жаңа туған бұзаудың кіндігіне зарарсыздандыру құралын, мысалы, 7% йод тұнбасын жағу керек;

б) төлдеуден кейінгі алғашқы 2 сағат аралығында жана туған бұзауға уыз беріліп және оның сиыр желінің еміп жатқандығына көз жеткізу керек. Кез келген жағдайда әлсіз бұзауларды қосымша азықтандыру үшін мұздатылған уыз қоры болуы қажет;

в) жаңа туған бұзауларға тіршілік етуінің алғашқы күндерінде А,Б және Е (Вo-Se) дәрумендерін енгізеді;

г) туған сәтінен бастап тез арада бұзауларды белгілеу керек;

д) бұзауларды ерте жастан піштіреді және мүйізсіздендіреді. Бұл кезеңде ота жасау оңай жүреді және асқынуларды тудырмайды. (Мүйізсіздендіру үшін күйдіргіш препараттарды қолданады - сұйық немесе паста тәрізді);

е) Бұзауларға клостридия (*chauvoei, septicum, novyi, sordelli, perfringens* В, С және D типті) қарсы екпе жүргізеді. Екпені 2-4 айлық жасында жүргізіп, кейіннен 5-7 айлық жас шамасында қайталайды.

ж) ветеринар маманымен бірге тағы қандай клостридияларға қарсы екпелерді қолдануға болатынын тексеріп, іш өту байқалған барлық бұзауларды қарайды.

з) 2-12 айлық шас шамасындағы барлық тұмсаларға бруцеллезге қарсы екпе жүргізеді. Аталмыш мәселе бойынша ветеринар маманымен бірге мемлекеттік ветеринариялық бақылау органдарымен кеңесу қажет.

и) инфекциялық ринотрахеит, вирусты диарея және параинфлюэнц-3 қарсы қайталама екпені стресс туғызуы мүмкін болғандықтан енесінен ажырату кезінде емес, ал енесінен ажыратуға дейінгі 2-3 аптада немесе одан кейінгі 2-3 аптада жүргізеді.

й) күзде бөгелек пен битке қарсы ем жүргізеді;

к) қайталама дегельминтизацияны енесінен ажыратуға дейін немесе қажет болған жағдайда жиі жасап тұру керек;

л) көз ауруы кезінде алдымен диагноз қойып, кейіннен ветеринар маман ұсынысы бойынша емдеп, сонымен қатар алдын алу шараларын жүргізу керек.

4. Табындағы малдардың денсаулығын сақтау үшін қажет:

а) мал азығының базасы;

б) малдарды минералды заттар мен магний элементін қоса алғанда тиісті тұз мөлшерімен қамтамасыз ету керек;

в) А және D дәрумендерімен, азықпен және инъекциялармен қамтамасыз ету;

г) берілген аймақта қажетті мөлшерде жеткіліксіз болуының себебінен селен - Е дәруменіне деген малдардың мұқтаждығын тексеруді ветеринар маманмен бірге жүргізу;

д) малдардың, әсіресе, бұқалардың тұяқтары мен мүйіздерін жүйелі түрде тексеру. Кесу жұмыстарын шағылыстыру маусымына дейін ұйымдастырған жөн.

ж) егер жасанды ұрықтандыру бағдарламасында сынақ үлгісі ретінде бұқаларды қолдану қарастырылатын болса, олардың жай-күйінің жақсы екендігіне көз жеткізу керек.

Төменге ауруларға қарсы күрес шараларының сәтті жүргізілуі үшін, сол аурулардың қысқаша сипаттамалары келтірілген.

Бруцеллез. Бактерия ауру тудырады. Бұл ауруға малдардың кейбір түрлері мен қатар адам да шалдығады. Негізінде іш тастау түрінде білінеді. Бұл ауруға қарсы күрес жүргізудің мемлекеттік бағдарламасы құрылған, себебі бруцеллез ауруына шалдығып өлген малдар адамға қауіп төндіреді. Ауруға шалдыққан ересек малдар ескерілмейді, алайда 2-12 айлық жас шамасында тұмсаларға екпе жүргізіп, бруцеллездің алдын алуға болады.

Табынды оқшаулап күтіп-бағу керек, егер асылтұқымды жануарларды сатып алу қажет болса, тек қана бұрын бруцеллез ауруына шалдықпағанын дәлелдейтін куәліктері бар малдарды ғана сатып алады. Малдың жас кезінде екпе жасалуы керек, ал ересек жануарлар бруцеллезге теріс реакция байқалғанға дейін 30 күндік карантинде болуы қажет. Табынға жаңадан қосылған малдарды 45-120 күнге дейін оқшаулайды.

Лептоспироз. Бұл шығу тегі бактериалды ауру, оны Лептоспира ағзасы тудырады. Үш штамы бар: гардио, помона және гриппотифоза, бірінші кезекте ауру тудыратындар осы ушеуі. Малдарды кезеңімен осы штамдарға қарсы иммундау қажет. Каникола және иктерогеморрагия деп аталатын қалған екі штамы да малдардың кейбір табындарын зақымдауы мүмкін. Лептоспироз іш тастау, бедеулік, бұзаулардың әлсіздігінің, жүйелі күңгірт инфекциялардың пайда болуының себепкері болуы мүмкін және кейбір малдардың өліміне әкеледі.

Вибрионды іш тастау. Бұл инфекциялы венерологиялық ауру шағылыстыру маусымында еркек малдан ұрғашы малдарға және керісінше жұғады, кейіннен табындағы басқа малдарға таралады. Іш тастау мен ұрғашы малдардың бедеулігін тудырады. Ауруды емдеу қиынға соғады, асылтұқымды малдарға екпе жүргізу арқылы немесе жасанды ұрықтандыруды қолданып алдын алуға болады.

Ірі қара малдардың инфекциялық ринотрахеиті — бұл тыныс алу жолдарының инфекциясын, энцефалит, конъюнктивит, іш тастау және көбею мүшелерінің инфекцияларын тудыратын вирустық ауру. Ауруды екпе жасау арқылы алдын алады. Тірі вирус өнімдерін интраназальды немесе бұлшықетшілік қолдануға, ал өлі вирустардың өнімдерін-бұлшықетшілік қолдану үшін пайдаланады. Бұл екпелерді тек қана ветеринар маманның кеңесімен ғана қолдануға болады.

Параинфлюэнца-3— ең алдымен тыныс алу мүшелерін зақымдайтын вирустық ауру. Ұстама туғызатын аурулардың ішінде аталмыш ауру екінші орында тұрады. Малдарды иммундау барысында өзгертілген тірі вирустың негізінде жасалған интраназальдық және бұлшықетішілік қолдануға болатын екпелер құрастырылған.

Ірі қара малдың вирустық диареясы іш өтуі, іш тастау, ас қорыту жүйелерінің созылмалы бұзылуына, әлсіз бұзаулардың тууына, ұрық ауытқуына конъюнктивит, дерматит және жүйкелік ауруларға әкеледі. Бұлшықет ішіне қолдану үшін өзгертілген тірі вирус өнімдерінің екпелері бар. Оларды тек қана ветеринар маманның кеңесі бойынша тағайындайды.

Эмфизиматозды карбункул немесе вирустық эдема. Бұл аурулар *Clostridium chauvoei* және *C. septicum*. ағзаларының әсерінен туындайды. Олар топырақта тіршілік етеді, бұзау ағзасына жара, ауыз және кіндік арқылы түседі. Бактериялар жануар ағзасына түсіп токсиндер бөледі, бұл жануардың тез арада өліп кетуіне себепші болады. Малдардың ерте жас шағында екпе жасау арқылы (өлі бактерия негізіндегі екпе) аурудың алдын алады.

Шөптекті немесе сутекті тетания — мал ағзасындағы магний жетіспеушілігінен туындайтын ауру. Ауру барысында дененің құрысуы, салдануы, соқырлық пайда болып, жануарлар кенеттен өліп кете алады. Ауруды ерте сатысында емдеуге болады, оны алдын алу оңайырақ. Алдын алу шараларына күнделікті азыққа магний қосу жатады. Сонымен қатар белгілі бір маусымдарда немесе жылдың кез келген уақытында азықтандыруға қосымша азық ретінде магний қосып отырады. Егер магний жетіспеушілігі әрдайым орын алатын болса, онда жануарлар магний микроэлементінен тұратын қосымша азықпен жыл бойы азықтандырылуы керек. Магний микроэлементін азыққа қосу әдістерін мал азығын сатумен айналысатын агентпен талдау керек.

Табын бағдарламасының күнтізбесі

Жануарлардың денсаулығын сақтау бағдарламасы белгілі бір уақытта жүргізілуі тиіс екпе, күтім-бағу шарттарын ұйымдастыруды қамтитын іс-шаралар тізбегінен тұрады. Бағдарламаның жылдық кестесі табындағы сиырлардың толық ұрықтандырылуына, төлдеуді ойдағыдай өткізуге және енесінен ажырату кезінде жоғары тірі салмақтағы бұзауларды алуға қол жеткізу үшін маңызды іс-шараларды қамтиды.

Бұл кестеге кіреді:

- 1) сиырлар үшін 80 күндік төлдеу маусымы, ал алғаш бұзаулаған қашарлар үшін 60 күндік төлдеу маусымы
- 2) төлдеуді көктем мезгілінде жүзеге асыру;
- 3) 285- күндік буаздық кезеңі;
- 4) алғаш бұзаулаған сиырлардың төлдеуін негізгі сиыр табынынан 30 күн ерте ұйымдастыру

Бағанның оң жағына берілген табынға сәйкес келетін мерзімді қою қажет. Кейіннен оны күнтізбеге енгізеді.

	Ұсынылатын мерзімі	Берілген табын үшін белгіленген мерзім
Төлдеу үшін буаз қашарларды жайылымға жіберу	15 желтоқсан	_____
Буаз қашарлардың төлдеуінің басталуы — 60- күндік маусым	1 қаңтар—2 наурыз	_____
Төлдеу үшін сиырларды жайылымға жіберу және дені сау сиырларды апта сайын жайылымға шығару	15 қаңтар	_____
Сиырларда төлдеудің басталуы 80- күндік маусым	1 ақпан—22 сәуір	_____
Бұзаулар: белгілеу, кіндікті дезинфекциялау, D, A дәрумендерін енгізу, эмфизиматозды карбункул және вирулентті эдемаға қарсы екпе, піштіру және мүйізсіздендіру (күйдіргіш препараттарды қолдануға болады)	Туылған кезде	_____
Бұқалардың ұрықтандыру қабілетін тексеру (шағылыстыру маусымына дейін)	15 ақпан	_____
Бұқаларға — лептоспироз (3 штамм), инфекциялы ринотрахеит, вирустық диарея, параинфлюэнц-3, вибриозды іш тастауға қарсы екпе жасау және ішкі паразиттерден (гельминттер) емдеу	15 ақпан	_____

<p>Табын толықтырушы тұмсаларға (алғаш рет ұрықтандырылған) лептоспироз (3 штамм), инфекциялы ринотрахеит, вирустық диарея, параинфлюэнц-3, вибриозды іш тастауға қарсы екпе жасау және ішкі паразиттерден (гельминттер) емдеу - бұл іс-шаралар кем дегенде шағылыстыру маусымына дейінгі 2-3 аптада жүргізіледі</p> <p>Ұрғашыларды ұрықтандырудың басталуы</p>	<p>1 наурыз 24 наурыз</p>	<hr/> <hr/>
<p>Ұрғашыларды ұрықтандыруды аяқтау –табыннан бұқаларды аластату</p> <p>Сиырлар: буаз емес сиырлар мен алғаш бұзаулаған қашарларды лептоспироз (3 штамм), инфекциялы ринотрахеит, вирустық диарея, параинфлюэнц-3, вибриозды іш тастауға қарсы екпе жасау және ішкі паразиттерден (гельминттер) емдеу — бұл іс-шаралар кем дегенде шағылыстыру маусымына дейінгі 2-3 аптада жүргізіледі</p>	<p>23 мамыр</p>	<hr/>
<p>Сиырларды ұрықтандырудың басталуы</p> <p>Сиырларды ұрықтандыруды аяқтау – табыннан бұқаларды аластату</p> <p>Бұзаулар: көпштамды клостридияға қарсы екпе жасау. Піштіру және мүйізсіздендіру (ертерек болғаны жақсы) Ұрғашыларға бруцеллезге қарсы екпе жасау (2-6 айлық жас шамасында)</p> <p>Тұмсалардың буаздығын анықтау</p>	<p>5 сәуір 24 сәуір</p> <p>13 шілде</p>	<hr/> <hr/> <hr/>
<p>Сиырлардың буаздығын анықтау</p> <p>Сиырлар мен табын толықтырушы ұрғашыларды паразиттерден, бөгелек, биттерден емдеу. Бұл шаралар буаздықты анықтау кезінде жүргізіледі</p> <p>Бұзаулар: дегельминтизация, бөгелек, биттерден емдеу</p>	<p>13 қыркүйек төлді енесінен ажыратуға дейін</p>	<hr/> <hr/>
<p>көпштамды клостридияға қарсы қайта екпе жасау (сатуға дейін)</p> <p>Инфекциялы ринотрахеит, параинфлюэнц-3 қарсы екпе жасау (назальды екпе). Егер әлсіз тірі вирустан бұлшықетшілік вакцинаны қолданатын болса, екпені енесінен ажыратқаннан кейін жасайды.</p> <p>Бұзауларды енесінен ажырату</p> <p>Сиырларды магнимен қосымша азықтандыруды бастау (қосымша азықты жыл бойы қолдануы мүмкін)</p> <p>Буаздықтың соңғы сатысындағы буаз қашарлар - D, A дәрумендерін енгізу және биттерден емдеу</p>	<p>1 маусым - 1 шілде 24 шілде</p> <p>13 қыркүйектен 1 қарашаға дейін</p> <p>1 қазан</p> <p>1 қазан</p>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>
	<p>15 қараша 15 қазан -15 қараша</p>	<hr/> <hr/>
	<p>15 қазан - 1 қараша</p>	<hr/>
	<p>15 желтоқсан</p>	<hr/>
	<p>15 қаңтар</p>	<hr/>

Мағлұмат көздері:
АҚШ-тағы сиыр етінің өндірісі:
етті ірі қара. Г. Миниш, Д. Фокс.